

үйреніскен жерін тастап, азық-түлікке қатысты қолайлылау аудандарға – Сібірге, Өзбекстанға кетуге мәжбүр болды [5].

Сонымен, соңында айтарымыз өткен ғасырдың 30-40 жж ашаршылықты ресми түрде мойындап, тарихи бағасын беретін уақыт келді. Қанша күтуге болады. Ұлтымызға үлкен нәубет әкелген бұл қылмысты ешқашан ұмытпауымыз керек және ешқашан болдырмайық дегіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Жиромская В.Б. Демографическая история России в 1930-е годы. Взгляд в неизвестное. М., 2001, с. 146.

2. Ашаршылықтағы жентүршігерлік оқиғалар. Куәгерлер көзімен. Естеліктер ҚазҰУ-дің тарих факультетінің профессоры Қамбар Атабаев жетекшілік еткен «32-нің зұлматы» үйірмесінің материалдарынан алынды. Естеліктерді 1990-1991 жылдары куәгерлер аузынан жазып алғандар: Г.Байсеркеева, Амангелді Әліпбаев, Самат Ахметов, Дархан Жақсыбеков, Дина Иманбаева және т.б. [https://alashainasy.kz/kazak\\_tarihy/asharshyilyiktagyi-janturshgerlk-okigalar-75617/](https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/asharshyilyiktagyi-janturshgerlk-okigalar-75617/).

3. Миллиондар қасіреті. (Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның «Аңыз адам» журналына сұхбаты). <https://history-state.kz/intervukz.php>

4. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории 1989. № 7, 18-6. (подсчеты М. Татимова).

5. Галиев А. Голод в Казахстане 1932-1933 жж. // Заря, 1989, № 11, с. 13; Қазақстандағы ашаршылық және оның демографиялық салдары. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

## **АЛТЫН ОРДА АҚШАЛАРЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)**

Рамазанова Ш.

Ғылыми жетекші: PhD докторы Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Электронды адресі: [koskeeva@mail.ru](mailto:koskeeva@mail.ru)

Астана қ.

Қазақстан тарихында Алтын Орда кезеңі шешуші орын алады. Бұл кезде қазақтарды бірыңғай этникалық қауымдастыққа біріктіруге, қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымының көптеген сипаттамаларын бекіте түсуге, мемлекеттілік бастауларының қалыптасуына, исламның біртұтас дін ретінде бекуіне алып келген күрделі және қалыптан тыс процестер болды.

Ол кез туралы тарихи мағлұматтар түпкі бастаулардың үлкен тобында сақталған. Және сонымен қатар олардың ішінде Алтын Орда ақшаларында кеңінен таралған нумизматикалық материалдар ерекше орын алады. Алтын Орда тарихы жөніндегі жазба көздері аясының шектеулілігі салдарынан олар осы мемлекеттің экономикалық және саяси өмірін қайта қалпына келтіруде маңызды орын алады.

Алайда Алтын Орда мемлекетін құраған бірқатар аудандарда сол кездің ақшаларын табудың таралуы әзірге біркелкі емес. Сол себепті Орал археологтарының Батыс Қазақстан аумағынан тапқан ақшаларының өте жоғары ғылыми маңызы бар.

Қазына,көмбе... Осы түсініктердің өзі құпиялықты, өз қожасынан басқа ешкімнің назарына ілікпейтін жерге жасырылған аса бір қымбат дүниені білдіретіндігі кездейсоқ емес. Бір кезде теңіз қарақшылары, тонаушылар немесе көпестер адам аяғы баспайтын аралдарға, жер астындағы қараңғы қапастарға, қорғандардың астына, шіркеулер мен замоктардың қирандыларына, тылсым көлдердің жағаларына немесе әулие ағаштың түбіне көміп кеткен өлшеусіз байлықтар туралы естіген адамның көңілі қобалжымай, бей-жай қалуы некен-саяқ

шығар. Көмбелер тақырыбы халық ауыз әдебиетінде берік орналасқан, ол көптеген ақындар мен жазушылардың сүйікті тақырыбына айналып, шығармашылық шабыт берген. Ежелгі қазыналардың жұмбақ сырлары оларды күзетіп тұратын «жын-перілер» туралы әңгімелермен әрленіп, одан сайын құпиялана түседі.

Металл ақшаларға деген қызығушылық және оларды коллекциялау сонау ежелгі заманда басталған. Тек ХХІ ғ. ғана көмбелерге, табылған ақшаларға деген жаңа қатынас қалыптасып, оларды бір тұтас дүние ретінде қабылдай бастады. Табылған олжалардың осы кезеңнен бастап картографиясы жасалынып, олар статистикалық әдіспен бағалана бастады. Біздің заманымызда бүкіл әлемнің нумизматтары қазбадан табылған ақшаларға біртектес масса ретінде қарамай, оларды жүйелеу керектігін түсінеді. Ағылшын нумизматы Ф. Гривсон металл ақшаларды оларды табылу сипатына қарай бір жүйеге келтірді. Ол табылған олжаларды екі негізгі категорияға бөледі: кездейсоқ және археологиялық. Кездейсоқ табыстарды ол үш түрге бөледі: жекелеген ақшалар, Жекелеген ақшалардың жиынтығы және көмбелер. Оның пікірінше көмбелердің өзін бірнеше категорияға бөлуге болады: кездейсоқ жоғалған көмбелер (мысалы, ақшасымен жоғалған әмиян); ерекше жағдайдағы көмбелер (соғыс кезінде, қала қоршауда қалған кезде Жасырылған көмбелер т.б.). Олар ресми болулары мүмкін (қаланың, шіркеудің, монастырдың қазынасы) және жеке (жеке адамдардың мүлкі); сақтап қоюға арналған көмбелер (белгілі бір мақсатпен жинақталған, бірақ белгісіз себептермен өз уақытында пайдаланылмаған, сондықтан қолайлы кезеңге дейін жасырылған көмбелер); қайтарылмайтын көмбелер (иесі кейін қайтарып алуды көздемей(кей кезде жоралғылық мақсатпен) әдейі жасырылған байлық(өлген адаммен бірге көмілген, салынған ғимараттың іргетасына қаланған т.б.). Көмбелердің уақытын анықтау да аса маңызды мәселе болып табылады. Әдетте олардың датасы сондағы ең жас, яғни ең соңынан салынған металл ақша бойынша белгіленеді [1, 8-б.] .

Тек ақшаларды ғана зерттейтін нумизматтардан айырмашылығы археологтар үшін кез келген табылған олжа үлкен қызығушылық туғызады. Олар үшін бір төбе саз ыдыс пен бір уыс алтын шақа бірдей құндылыққа ие. Олар өздерінің олжаларын заттай, ақшалай және аралас деп бөледі. Соңғы екеуі, әрине, нумизматикалық ескерткіштерге жатады. Кейде ақша көмбелерін олардың жасалынған металына қарай бөледі (алтын, күміс, мыс (қола) ақшалар), бұндай жағдайда аралас деп 2-3 металдан тұратын олжалар есептеледі. Жәй қарапайым адам үшін көмбелер аса зор материалдық құндылық болып есептелмеуі мүмкін. Нумизматикамен таныс емес адамды көз алдыңызға елестетіңізші. Міне, ол көмбе тауып алды делік, сетеріге оралған олжасын толқу үстінде аша бастады. Оның көңілі бірден құлазып сала бергенін көз алдыңызға елестетесіз бе? Ол көз шағылыстырар алтын түйіршіктерді көремін деп ойлаған еді, ал оның орнына күңгірт металдан жасалған дөңгелекшелер мен тап сол сияқты уақыт табынан қарайып кеткен шыны көздері бар мыс әшекейлер ...

Металл ақшаларды ғимараттың іргетасына қалау дәстүрі кең таралған болатын, Бұндай сиқырлы ақшаны көбіне салынып бітуге жақындаған үйдің бір бұрышының астына қалаған. Алғашқыда үй салуды бастағанда іргетастың астына құрбандыққа әкелінген қораз, ат және басқа да жоралғылық жан-жануарлар қаланған. Қуаныштысы сол, кейін жануарларды ақшаларға айырбастаған еді. Біздің заманымыздағы көбі біле бермейтін жоралғының бірі - металл ақшаларды салынып жатқан кеме мачтасының астына орналастыру.

Металл ақшалардың жақсы сақталуын қамтамасыз ететін ежелгі заманның қызықты дәстүрлерінің бірі - өлілерді оболдау. Осылайша өмірдегі ақшалар мистикалық, ирреалдық әлемде оларға жүктелген төлем құралы қызметін атқарған. Ежелгі грек мәйіттерінің бас сүйегінің ішінен ұсақ ақшалар, яғни сол оболдарды тапқан. Бұл ұсақ ақшаларды өлген адамның жаны Детудан өткізіп жібергені үшін Харонға беруге тиіс болған, оның толқындарында саяхаттап болғаннан кейін оның жаны мәңгі түнекке оранған Айд патшалығынан тыныштық таба алады деп есептелген. Осы бір көңілді құлазытар салты археологтар антикалық дәуірден кейінгі ортағасырларға дейінгі екімыңжылдықтан астам кезең бойына кездестірумен болды [2, 13-18 бб.] .

Жошы Ұлысының тарихы мен мәдениеті мәселесін зерттеуге келгенде , археологтардың қазба жұмыстарының нәтижесі ерекше маңызға ие болады. Бұл жерде нумизматикалық материалдардың маңызын асыра бағалау қиын. Ол өзінше сол кезеңде шығарылған, барлық адамдар ақша айналымы саласында пайдаланған, ресми құжат болып табылады. Нақ осы нумизматикалық материалдар , өзінің бүкіл өмір сүрген кезеңінде, Алтын Ордамен тығыз байланыста болған мемлекеттердің сауда-экономикалық және саяси тарихы бойынша неғұрлым қол жетерлік дерек болып табылады [3, 81-б.]. Алтын Орданың металл ақшаларын солтүстіктегі Тверь округінен бастап, солтүстік-батыстағы Беларусь және солтүстік-шығыстағы Тюмень облысы, оңтүстіктегі Иран мен Палестинаға дейінгі; батыстағы Болгариядан шығыстағы Моңғолия мен Қытайға дейінгі орасан зор аумақтан кездестіруге болады. Алтын Орда ақшаларының жүздеген көмбелері табылды. Алтынордалық Еділ бойының нумизматикасы басқа аймақтарға қарағанда толығырақ зерттелген. Жошы Ұлысы нумизматикасының сипатты белгісі –оның әртүрлі аймақтарының тауар-ақша қатынасына біркелкі қатыспағандығында. Егер Батыс Қазақстанда дамыған ақша айналымының орталығы ірі Сарайшық қаласы болса, далалық Қазақстанның негізгі аумағы Алтын Орданың ақша айналымы саласына барынша аз тартылды. Мысалы, XX ғ. Ортасында А.П.Смирнов пен Г.А.Федоров-Давыдовтың өзі Еділ бойындағы алтынордалық қалалардың қазбалары сан мыңдаған металл ақшаларды беріп жатқанда, қазіргі Қазақстан аумағының басым бөлігінде жошы ақшалары кездеспегенін атап өткен болатын.

Көшпенділер тауар - ақша қатынасына төмен деңгейде атсалысты. Рашид - ад Диннің моңғолдық Иран туралы мына хабарламасы қызық: «Көшпенділердің қоныстары мен қыстақтарында... ақшалардың сапасын айыра алмайды, сондықтан металл ақшаарды (қайсысы жақсы екенін білмегесін) қабылдаудан тартынады» [4, 271-б.]. Халықтың сенімін арттыру үшін ақшаларды барынша әсем де тартымды етіп жасауға тырысқан сияқты. Жоғарыдағы автор тағы да былай дейді «Ақшалар сондай әсем де әрлі, сондықтан оған ие болған адамның жүрегі оны біреуге ұсынуға қимайды, және ол оны сақтауға тырысады». Алайда, кейбір қорғандардағы жерлеу орындарынан алтын орда қалаларында соғылған ақшалар кездеседі (Онда күміс ақшалар басым, ал пұлдар сирек кездеседі). Жошының күміс ақшалары ұзақ уақыт ғылыми әдебиетте дирхем (дирхам) атауына ие болған еді, бірақ соңғы уақытта XIV ғ. күміс ақшаларын «данға» атаған дұрыс деген аргументті пікірлер басымдыққа ие (осыдан «денга», «деньги» деген орыс атауы шығады).

Шамасы, металл ақшаларды зираттарға көму салты осы кезеңде Таяу Шығыс пен Иран аумағында да таралған сияқты. Аймақтың орта ғасырлық ескерткіштерін зерттеудің өте әлсіздігіне байланысты, орта ғасырлық ақшалар табылған зираттар бұнда белгісіз, бірақ XIII ғ. жазба бұл туралы мәліметтер тіркелген (Доминикандық уағызшы \ Рикольдо, немесе Рихарде де Монте Кроче, «татарлардың адасуы туралы» әңгімелей отырып, молға «кейде шамалы ақшаны да қосып салатындығы» туралы хабарлаған) [5, 154-б.].

Жерлеу орындарындағы алтын ордалық ақшаларды зерттеу XVIII ғ. басталған. Голандиялық ғалым Николаас Корнелисзонның «Солтүстік және Шығыс Татария» (Witsen, 1785 P1.IY) атты кітабында «сібір молаларынан» табылған, кейін Х.М. Френ анықтаған күміс ақшалардың бейнелері берілген. Олардың арасында екеуі Жошы ақшасына жатады олар XIV ғ. Сарай әл – Жәдидте және Хорезмде соғылған болу керек) [6, 111-б.].

XIX–XXғ. Бірінші жартысында Жошы ақшалары табылған бірнеше ондаған жерлеу орындары жарияланғанына қарамастан, осындай олжалар туралы алғашқы тізімді Г.А. Федоров-Давыдов «Шығыс Европа көшпенділерді алтын орда хандарының қоластында» атты кітабында берген болатын [7]. Шығыс Европа мен Батыс Қазақстандағы көшпенділердің жерлеу орындарында табылған жошыақшалары туралы неғұрлым толық ақпаратты кейінірек Е.М. Пигарев жинақтаған болатын [8].

Жерлеу орындарындағы ақшалардың неғұрлым көп бөлігі Төменгі Еділ аумағын табылған. Батыс Қазақстан, археологиялық жағынан алғанда, неғұрлым аз зерттелген аймаққа жатады [9, 316-321 бб.]. Сондықтан мұндағы жерлеу орындарынан табылған олжалар соғұрлым зор қызығушылық туғызады.

2008 жылы Мокринский 1 қорымын қазған кезде 5 жерлеу орнынан жошылық күміс ақшалардың 20 данасы табылды. Табылған олжалар 5 микрокөмбеден тұрады, алайда, олардың бұл жерге тап болу себебі мақсатына қарай көптеген алтынордалық ақшаларға ұқсамайды. Алтын Ордалық көмбелер негізінен төтенше жағдайларға байланысты көмілген болса, бұл көмбелер оларды қайтадан пайдалану мақсатын көздемей, бұл жерге саналы түрде қалдырылған. Көңіл аударарлық жағдай, егер Алтын Орда көмбелердің көпшілігі өзара қырқыс пен әскери қақтығыстар кезеңіне (XIV және XV ғ. 2 жартысы) сәйкес келсе, бұл көмбелер Өзбек пен Жәнібектің билік құрған кезеңінде көмілген (экономикалық және саяси тұрақтылық кезеңі). Мокринский 1 қорымындағы жерлеу орындарында қалдырылған ақшалар да осы кезеңге жатады.

Батыс Қазақстанның жерлеу орындарынан табылған барлық металл ақшалар XIV ғасырға жатады (олардың көпшілігі, соның ішінде 2008 жылы Мокринский I қорымынан табылған барлық ақшалар Өзбек пен Жәнібек хандардың билік еткен кезеңіне сәйкес келеді). Алтын Орданың ежелгі тарихының хронологиясын жасақтау үшін, ең алдымен, жерлеу кешендері емес, қоныстарды зерттеу маңызды. Көмбелердегі күміс ақшалар айналымда ұзақ уақыт жүруі мүмкін болғандықтан, Алтын Орданың ежелгі тарихының қатаң хронологиясын құруға жерлеу орындарынан табылған металл ақшалар негіз бола алмайды [1, 20-б.]. Алайда, осы жұмыста сипатталған жаңа ақша көмбелерінің табылуы – жерлеу орындарының бір бөлігі ең кем дегенде XIV ғасырға жататындығын куіландырады және Батыс Қазақстан көшпелілерінің арасына негізінен Төменгі Еділ бойы, сондай-ақ Хорезм ақшаларының да кең тарағаны туралы тезисті растайды.

Батыс-Қазақстан облысы аумағынан табылған ақшалардан өзге, Атырау облысы аумағындағы Сарайшық қаласынан табылған ақшалар да ерекше қызығушылық туғызды. Оның 702 данасы өңделген (олардың ішінде 647 данасы анықталған). Ақшалардың басым бөлігі жошылық болып келеді. Жекелеген металл ақшадан басқа кешенде алты көмбе болған. Кешендегі анағұрлым кешенді ақша – Менгу-Темірдің Үкекте соғылған күміс дирхемдері. Алтын Орданың басқа аумақтарындағы ескерткіштер сияқты, олжа ақшалардың басым бөлігі

XIV ғасырға жатады. XIV-XV ғасырларға жататындары да бар. Қазіргі таңда Сарайшық қаласы – Керейлік ақшалар табылған неғұрлым шығыс нүкте болып табылатындығы айқын. Сарайшықта Қажы-Керейдің, Меңлік –Керейдің ақшалары кездесті, ал Қырым хандығын одан неғұрлым кейін басқарған билеушілердің ақшалары кездеспейді. Бұл жағдай Сарайшықтағы ақшаларды, негізінен, Қажы-Керей мен Меңлік-Керейдің атынан шығарылған, Еділ бойында табылған ақшалармен біршама жақындастырады. Керейліктердің ақшаларының табылуы – Сарайшықта біршама сирек құбылыс, сонымен қатар, бұнда түрік ақшаларының табылуы тіркелмеген. Шамасы, Сарайшықта XIV ғасырда табиғи айырбас үстем болса керек. Осымен байланысты поляктың мемлекеттік қайраткері Матвей Маховскийдің «Екі Сарматия туралы трактатында» (1517 ж.): «Олар қолөнердің де, ақшаның да не екендігін білмейді, ал затты бір-біріне айырбастайды. Дегенмен, Еділдің арғы жағындағы ордаларда қазір айналымға аспралар – күміс түрік оболдары енуде... Ноғай ордасында бір затты екіншісіне айырбастайды» деп хабарлаған.

Ақшалардың басым бөлігі Сарайшыққа астаналық, төменгіеділдік қалалардан келіп түсіп тұрған. Хорезм ақшаларының табылуы, мемлекет ішіндегі саяси коллизияға қарамастан, Сарайшықтың Хорезммен тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Шындығында, қала Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан болатын. Флоренциялық қаржыгер Франческо Балдучи Пеголотти өзінің 1338 және 1342 жылдары аралығында құрастырылған «La Pratica della Mercatura» атты анықтамасында Сарайшықты (Saracanko) Танадан Хорезмге дейін баратын сауда жолын сипаттап жазғанда еске алады.

Сарайшық – XIV-XV ғасырларда күміс ақшаларды эпизодты түрде шығарып тұрған Батыс Қазақстандағы мағызды ортағасырлық қала. Сарайшықта шығарылған мыс бақырлар да белгілі болды. Сонымен бірге, ақпараттардың барлығы бірдей дерек көздерімен дәлелденбеген. Сарайшықта соғылған Хызра ақшалары туралы бұлыңғыр хабар бар. Сол сияқты, әдебиетте де, Сарайшықтағы 1375 жылы Арабшах ханның және 1480 жылы

Сойырғатмыш ханның ақша шығарғандығы туралы мәліметтер бар. Бұл болжамдардың қандай ақшаларға негізделгені белгісіз.

Жазба деректер Жошы Ұлысы аумағындағы қызу керуен саудасы туралы нанымды баяндайды, Әсіресе, Өзбек пен Жәнібек кезінде, керуен саудасының дамуына үлкен мүмкіншілік туған болатын. Алтын Орданың ақша айналымына жаткерлік күміс ақшалар аз ғана мөлшерде көмбелердің құрамында ұшырасып қалады, бірақ толықтай жатжерлік – ирандық, ортаазиялық ақшалардан тұратын көмбелер де кездеседі. Жатжерлік шығыс ақшаларының басым бөлігі Иран мен Закавказьеге тиісті (негізінен Құлағулық, Жалайырлық және закавказдық Жошы күмістері). Олардың аз бөлігін Орта Азиядағы Шағатайлықтар мен Тимуридтердің металл ақшалары құрайды (олар көбіне Сойырғатмыш пен Темірдің, Махмуд пен Темірдің есімдері жазылған ақшалар). Жатжерлік ақшалар Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде де табылған болатын.

Атырау облысындағы Ақтөбе қалашығында табылған жекелеген ақшалар да назар аударуға тұрарлық. Сөз жоқ, бұл ескерткіштен табылған ертеректегі Жошы ақшалары болуы керек, алайда, бұл нумизматикалық кеш туралы әлі толық жарияланған жоқ.

Жошы нумизматикасында ақшалардың жаңа түрлері мен нұсқаларын тіркеу әлі жалғасуда, зерттеушілер хандар мен ақша сарайларының жаңа есімдері мен атауларын ашуда. Алтын Орда билеушілері мен ақша сарайларының тізімі болашақта толықтырылып, анықтала беретіндігіне күмін жоқ. Батыс Қазақстан аумағынан табылатын жаңа ақшалар болашақта Алтын Орданың орта ғасырдағы ақша ісі ғана емес, осы аймақтың ақша айналымы туралы толығырақ мәлімен алуымызға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алтын Орданың ақшалары / Марыксин Д.В., Пачкалов А.В. – Орал: Полиграфсервис, 2009. – 50 б.
2. Аксенова С.В., Жилкин А.В. Монеты и банкноты России и СССР. Полный каталог монет и банкнот России. – Ростов н/Д: Владис: М.: РИПОЛ классик, 2009. – 416 с.
3. Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. – Алматы, 2006.
4. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. III. – М., 2002.
5. Книга странствий. Пер. С лат. и ст.-фр., сост., статьи и ком. Н. Горелова. – СПб., 2006.
6. Завитухина М.П. Н.-К.Витсен и его собрание сибирских древностей // Археологический сборник. Вып. 34. – СПб., 1999.
7. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М., 1966.
8. Пигорев Е.М. Монеты в погребениях Золотой Орды // Степи Евразии в эпоху средневековья. Т. I. – Донецк, 2000.
9. Пачкалов А.В. Новые клады монет Золотой Орды // Древности Поволжья и других регионов. Вып. IV. Нумизматический сборник. Т.3. – Нижний Новгород, 2002.

## **КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АБЫЛАЯ. ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С РОССИЕЙ И ЦИНСКОЙ ИМПЕРИЕЙ.**

Рахимжанов Р. Р.

Научный руководитель: Бекмагамбетова М.Ж.

Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова

Rakhimzhanov.01@yandex.ru

г. Костанай

Последнее десятилетие XX века выделяется своими крупнейшими событиями и заметными изменениями, оно явилось поворотным пунктом в судьбе многих народов и государств. Именно в это время произошел распад Советской империи и образование новых, самостоятельных, независимых государств.